

НАВИГАЦИОННЫЕ ПЛОМБЫ ЯВЛЯЮТСЯ ВАЖНЫМ ШАГОМ К ДАЛЬНЕЙШЕЙ ОПТИМИЗАЦИИ ТАМОЖЕННОГО АДМИНИСТРИРОВАНИЯ В ЕАЭС. ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ, А ТАКЖЕ БОЛЕЕ ПОЛНЫЙ ОБМЕН ДАННЫМИ МЕЖДУ КОНТРОЛИРУЮЩИМИ ОРГАНАМИ ОБЕСПЕЧАТ ПРОЗРАЧНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ТОВАРОВ ОТ МОМЕНТА ВВОЗА НА ТАМОЖЕННУЮ ТЕРРИТОРИЮ СОЮЗА ДО КОНЕЧНОГО ПОТРЕБИТЕЛЯ И ПОЗВОЛЯТ СНИЗИТЬ ДОЛЮ НЕЛЕГАЛЬНОГО ОБОРОТА ПРОДУКЦИИ.

Руслан ДАВЫДОВ,
министр по таможенному сотрудничеству
Евразийской экономической комиссии



№51 (3090)
04/07/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖАҢА МАУСЫМҒА – ЖАҢА ВАГОНДАРМЕН

Еліміздегі жүк вагондары паркінің ірі операторы болып табылатын «Қазтеміртранс» АҚ әлеуметтік маңызы бар жүктерді тасымалдауда шешуші рөл атқарады. Компания жыл сайын вагон паркін жаңартып, жүк тасымалын қажетті жылжымалы құраммен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етіп отыр.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Қазіргі уақытта «Қазтеміртранс» АҚ паркіндегі вагондар саны 39 000 бірліктен асады. Оның ішінде 29 067 ашық вагондар, 6 274 жабық вагондар. Жүк тиеу маусымы қызған шақта, жүктемелің де арта түсетіні белгілі, десек те компания мамандарының логистиканы икемді, ал жалға беру механизмдерін тиімді үйлестіре білуі нәтижесінде тұтынушылардың қажеттіліктері толық қанағаттандырылуда.

Компания әлеуметтік жүктерді тасымалдау кезінде вагондар айналымын шапшаңдатуды басым бағыттардың

бірі ретінде қарастырады. Осыған орай жүк тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу уақытын қысқарту, логистикалық маршруттарды оңтайландыру және нақты уақыт режимінде жылжымалы құрамды пайдалану тиімділігін бақылау үшін мердігерлермен тұрақты түрде жұмыс жүргізіп келеді.

Жылжымалы құрам паркін жаңарту компанияның даму бағдарламасына сәйкес, кесте бойынша жүріп келеді. Мәселен, 2023-2025 жылдарға арналған сатып алу-сату шартында 3000 жарты ашық вагон сатып алу қарастырылған. Бүгінгі таңда осы вагондардың 2 960 бірлігі жеткізілді. Бұл паркті кезек-кезеңімен жаңартуға және пайдалану шығындарын азай-

туға мүмкіндік беріп отыр. Қалған вагондарды жеткізу бекітілген кесте бойынша жалғасуда.

Компания 2024-2025 жылдардағы астық және жылыту маусымын жақсы қорытындылады. Өзінің жеке және жалға алған паркіндегі 12 000 жуық ашық вагонды жұмылдыра отырып, сөз болып отырған маусым ішінде 23,3 млн тонна көмір, 3,2 млн тонна астық тасымалдаған. Ал жалға алынған жылжымалы құрамды пайдалана отырып тасымалданған көмір көлемін есепке алғанда жалпы көрсеткіш 45,5 млн тоннаға жетіп жүылған.

Көмір тасымалы жүзеге асырылған негізгі бағыттар – Екібастұз, Шү-

баркөл, Қызылжар, Нұра және Дегелең станциялары. Астықтың көп көлемі Көкшетау және Қостанай филиалдарынан тиеліп, басым бөлігі Қытай мен Орталық Азия елдеріне жөнелтілген. Жүктерді тасымалдау процесінің бұзылғаны туралы деректер тіркелмеген. Дегенмен, компания үнемі маусымдық жүктемелерге тап болатыны жасырын емес. Алайда, компанияның барлық филиалдары жұмыла жұмыс істеуінің және клиенттермен жедел әрекет етуінің арқасында алға қойылған міндеттер тиімді іске асырылуда деуге болады.

Алдағы астық және жылыту маусымын жүк вагондары паркінің операторы қалай қарсы алады деген сауалымызға «ҚТТ» АҚ-ның Даму жөніндегі басқарушы директоры Еділ Искаков:

– Қазтеміртранс жаңа маусымға жаңартылған және жабдықталған парк ұсынады. Басты назар заманауи ашық вагондарға, соның ішінде жаңа жеткізілімдерге аударылып отыр. Сонымен қатар қажетті резерв қалыптастырылған, қажет болған жағдайда қосымша жылжымалы құрамды тарту үшін жалға алушылармен өзара әрекеттесудеміз. Біз көмірді де, астықты да тұрақты және уақытылы тасымалдауды қамтамасыз етуге дайынбыз, – деп жауап берді.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ТАҒАЙЫНДАУ



Талғат Сағиұлы Алдыбергенов «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

Осыған дейін Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарған Талғат Алдыбергеновтің теміржол саласында 35 жылдан астам тәжірибесі бар. Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және басқару» мамандығы бойынша үздік бітірген, РХШМҚА (Ресей) экономика магистрі, экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын қарапайым жұмысшы мамандығынан бастап топ-менеджментке дейінгі жолдан өткен.

1992-1998 жылдары Батыс Қазақстан темір жолында тауар кассирі, жүк және багаж қабылдап-тапсырушы, станция бастығының орынбасары, аға жол коммерциялық ревизоры лауазымдарын атқарған.

1998-2007 жылдары – ҚТЖ «Фирмалық көліктік қызмет көрсету орталығы» РМК МҚД Ақтөбе филиалының бастығы, «Қазтранссервис» МҚД директоры, «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» ЖАҚ көліктік логистика департаментінің директоры болды.

2008-2019 жылдары – «Кеден-транссервис» АҚ президенті, «АвтоГазАлматы» ЖШС Бас директоры, «Kazakhstan Maker» ЖШС басқарма төрағасы, ал 2024 жылдан бүгінгі күнге дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары міндетін атқарды.



Темірғали КӨШТАЕВ,
Ақтөбе магистральдық
желі бөлімшесі директорының
орынбасары:



БӨЛІМШЕ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ 1392 ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫС БАР. БИЫЛ 307 ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫСТА ТҮРЛІ ЖӨНДЕУ, НЫҒАЙТУ, БЕКІТУ ЖҰМЫСТАРЫ ОРЫНДАЛДЫ. КӨПІРЛЕРДІ, ҚҰБЫРЛАРДЫ, АРЫҚТАР МЕН АРНАЛАРҒА АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ, ТАЗАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. ОСЫ ЖЫЛЫ 218 КӨПІР МЕН ҚҰБЫРДЫ ЖӨНДЕУ, ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУ ЖОСПАРЛАНҒАН. ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ АҚАУЛАР МЕН ПРОБЛЕМАЛЫҚ УЧАСКЕЛЕР САНЫН ЕДӘУІР АЗАЙТУҒА МҮМКІНДІК ТУДЫ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА БАСТАЛҒАН ЖҰМЫСТЫ ЖАЛҒАСТЫРЫП, ПРОБЛЕМАЛЫҚ УЧАСКЕЛЕРДЕ КАЛИБРЛІ БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖОСПАРЛАНУДА

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

СОҢҒЫ ТӨРТ ЖЫЛДА
ҚТЖ

424

ЖАҢА ЛОКОМОТИВ
САТЫП АЛДЫ.

ДОСТЫҚ СТАНЦИЯСЫНЫҢ
ҚҰРЫЛҒАНЫНА

35

ЖЫЛ ТОЛДЫ.

2027 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

5 мың

ШАҚЫРЫМ
ТЕМІРЖОЛ САЛЫНЫП,
ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ.

Ремонт пути

ПЕРЕВЫПОЛНИЛИ ПЛАН

По итогам первого полугодия 2025 года ТОО «Теміржол жөндеу» перевыполнило план капитального ремонта железнодорожных путей.



Любовь РОВБА,
Астана

При плановом объеме 119,10 километра силами производственно-механизированных станций (ПМС) и путевых участков компании капитально отремонтировано на 1,62 километра больше – 120,72 километра.

Работниками ПМС Астана обновлено 30,651 километра, ПМС Бірлік – 32,763 километра, ПМС Ақтобе – 30,895

километра, ПУ Шар – 26,415 километра.

– Мы продолжаем системную реализацию планов по модернизации железнодорожной инфраструктуры, внедрению современных технических решений и повышению качества производственных процессов, – отмечает директор по строительству и ремонту железных дорог ТОО «Теміржол жөндеу» Азамат Молдахметов.

– При этом основное внимание уделяется соблюдению нормативных требований,



обеспечению безопасности движения и устойчивому развитию отрасли в целом.

Фото автора

К ЦИФРОВЫМ ТРАНСПОРТНЫМ СИСТЕМАМ

Развитие безопасных, цифровых и экологичных транспортных систем обсудили на XII Совещании министров транспорта государств – членов Шанхайской организации сотрудничества в Тяньцзине (КНР).



Роман ЛЮБИМОВ,
Астана

Вице-министр транспорта Максат Калиапаров в своем выступлении отметил ключевую роль цифровизации и внедрения технологий искусственного интеллекта в формировании современной и устойчивой транспортной инфраструктуры в регионе ШОС.

Он также провел двусторонние встречи с министром транспорта Монголии

Борхуугийн Дэлгэрсайхан и заместителем министра транспорта КНР Ли Яном.

Стороны обсудили актуальные вопросы транспортного сотрудничества, включая упрощение процедур пересечения границы, а также открытие новых международных маршрутов и направлений. Отдельное внимание было уделено вопросам повышения эффективности работы пунктов пропуска, цифровизации транспортных процессов и созданию условий для увеличения объемов транзитных перевозок.

Участники выразили обоюдную заинтересованность в активизации сотрудничества и укреплении транспортной взаимосвязанности между странами региона, что будет способствовать формированию устойчивой и конкурентоспособной транспортной системы на пространстве ШОС.

Отдельное внимание уделено вопросам повышения эффективности работы пунктов пропуска, цифровизации транспортных процессов и созданию условий для увеличения объемов транзитных перевозок.

ҚАЗАҚ-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСЫ СӨЗ БОЛДЫ

Қазақстан мен Моңғолия көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ниетті. Моңғолияға жасаған ресми сапары аясында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу осы елдің Жолдар және көлік министрі Борхуугийн Дэлгэрсайханмен кездесті.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Тараптар көлік-логистика саласындағы қазақ-моңғол ынтымақтастығын тереңдетудің маңыздылығын атап өтті. Қазақстан мен Моңғолияның тығыз географиялық байланысына назар аударылып, бұл серіктестікті кеңейтуге объективті алғышарттар

жасайтыны аталып өтті. Теміржол және автомобиль көлігі, азаматтық авиация, сондай-ақ автожол инфрақұрылымын дамыту сияқты ынтымақтастықтың өзекті бағыттары талқыланды.

Кездесу барысында қазақстандық астық және майлы дақылдар, сондай-ақ локомотивтер мен жолаушылар вагондарын қоса алғанда көлік машина жасау өнімдерін жеткізу

арқылы экспорттық-импорттық тасымалдарды ұлғайту мәселесі де сөз болды. Қазақ тарапы бірлескен жобаларды іске асыру Моңғолияға Транскаспий халықаралық көлік бағдарына және Қазақстан аумағы арқылы өтетін ірі еуразиялық логистикалық дәліздерге шығуға мүмкіндік беретінін жеткізді. Сұхбаттастар автомобиль және теміржол жүк тасымалы салаларындағы оң динамиканы атап өтті.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

ҚҰЛСАРЫДА ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Биыл өңірде инфрақұрылым нысандарын жаңғырту, кеңейту, технологиялық процестерді жетілдіру мақсатында жол шаруашылығы бойынша аймақта 66,8 шақырым жол күрделі жөн-деуден өтетін болып бекітілген.

Соның ішінде Құлсары жол дистанциясы бойынша 26,321 км – Майкөмген-Рзд-465-467-468 аралығы. Құлсары жол дистанциясы техника бөлімінің бастығы Әбілқасым Бұрабековтің айтуынша, бүгінгі таңда Құлсарыда жұмыс қызған. 11 желілік айналымы мен ПДМ, ПЗ сынды цехтары және механикалық шеберханалары бар дистанция Мақат – Бейнеу беттерін аралығындағы 296 км жолдың күтіміне жауапты. Дистанцияның қызмет көрсету аумағында төрт желілік станция мен жеті бөліктік пункт, 1 класты Құлсары станциясы, 14 теміржол өткелі, 11 теміржол көпірі, 18 теміржол өткелі, жүзге жуық темірбетон тұрбалар бар, олардың бәрінде де қауіпсіздік шаралары сақталған.



– Күрделі жөндеу жұмыстары бізде осы шілде айында жоспарланып отыр. Соған сәйкес аталған тегізде бұрынғы ағаш шпалдар түгел алынады. Жердің негіздемесі төселіп, шебін төсеу, жерді нығыздау, басқа да технологиялық талаптарға сай жұмыстар жасалады. Құлсары станциясы мен 472-рзд аралығындағы 2,4707 шақырым күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары да тамыз айына жоспарланған. Дистанция бойынша биыл 1,6 км ескі Р-50 рельстерін жаңа Р-65-ке ауыстыру көзделіп, қазіргі уақытта Құлсары станциясы, Рзд-Қоркөл-461-463-464 бекеттерінде оның жартысына жуығы орындалған. Сонымен қатар ағымдағы жылы Құлсары станциясында 10 жиынтық темірбетон бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ ескі бұрмаларды жаңа Р-65-ке ауыстыру бойынша 5 жиынтық ауыстырылған, – дейді техника бөлімінің бастығы.

Теміржолшылардың бас ауруына айналған мал мәселесі құлсарылықтар үшін де өзекті. Бүгінде дистанцияға қарасты Майкөмген станциясы, рзд-Сарға, рзд-461-467 арлығында 15,3 км көлемінде қоршау салынып жатыр.

Суретті түсірген автор

ЖҮК АҒЫНЫ ҚАЛЫПТЫ

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Маңғыстау



ТАСЫМАЛ

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің шекаралық Болашақ станциясы арқылы Түрікменстан бағытына жүк тасымалы қалыпты жалғасын табуда.

Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбековтің айтуынша, биылғы өткен 5 айда аталған станциядан көрші елге 216 пойыз жөнелтілген, бұл дегеніңіз – 8 778 вагон, 478 591 тонна жүк. Керісінше Түрікменстаннан Қазақстанға 202 пойыз жүк қабылданған, бұл 9 609 вагон, яғни 154 078 тонна жүкті құрайды. Ал бытыр барлығы 498 пойыз жөнелтіліп, 504 пойыз қабылданыпты.

– Биылғы 5 ай мен өткен жылдың сәйкес кезеңін салыстырғанда қатты алшақтық байқалмайды. Өткен жылы 213 пойыз жіберіп, 212 пойыз қабылдап алыптыз. Жалпы тәулігіне 2 пойыз қабылдап, 2 пойыз жөнелтіп отырмыз, жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 5 пойызға дейін көбейеді деген болжам бар, бірақ нақты қашан екені белгісіз, – дейді станция бастығы.

Түрікменстаннан Қазақстанға импортталатын жүктердің денін алма, кептірілген жеміс-жидектер, ыдыс жуатын сұйықтықтар, ыдыстар, полиэтилен, сусындар, пластмасса бұйымдары, күкірт қышқылы құрайды. Ал керісінше Қазақстаннан сол жаққа экспортталатын жүктердің қатарында арпа, жасымық, қант, пилотматериал, бидай ұны, күнбағыс майы, хлорлы калий, газет қағазы, мотор майы сынды жүктер көп.

Әкімдіктермен және коммуналдық қызмет өкілдерімен келісілген түрде қарқынды жұмыс басталған-ды.

Осы орайда қазіргі күндері де желі бойында сенбіліктер жиі өткізілуде. Санитарлық тазалық іс-шаралары әсіресе Аягөз, Жарма, Жаңғызтөбе, Шар, Жаңа Семей сынды тораптық станцияларда жиі ұйымдастырылады. Атқарылып жатқан істер өткен көктемгі комиссиялық бақылау кезінде басты міндеттердің бірі ретінде есепке алынған еді. Яғни желі бойындағы мекемелер жұмысының негізгі көрсеткіші ретінде де бағаланған болатын.

Бұл ретте кластан тыс Семей станциясы өзге мекемелерге жан-жақты түрде



үлгі болуда. Мәселен, осынау тораптық станция сенбілікке кең көлемде кірісіп, барлық станциялық жолдар мен ғимараттар маңы толықтай тазартылды.

Семинар

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ: ЗИЯТКЕРЛІК БІЛІМ САЙЫСЫ

Ақпараттық технологиялар дәуірінде көлік логистикасы мен жүк тасымалдау саласының автоматтандырылған басқару жүйелері (АБЖ) мен цифрлық платформаларсыз дамуы мүмкін емес. Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесінде өткен семинар цифрлық технология бойынша білім жетілдіріп, заманауи жүйелермен жұмыс жүргізу дағдыларын нығайтуды көздеді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«Тасымалдау қызметіне байланысты автоматтандырылған басқару жүйелерін және ақпараттық жүйелерді пайдалану» тақырыбындағы семинарды ұйымдастыруға бастамашы болған – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – Тасымалдау процесінің технологиялық жүйелері департаментінің директоры Савушкина Ирина Юрьевна. Айтуынша, дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан бұл семинардың басты мақсаты – қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттырумен қатар тәжірибе алмасу алаңын құру.

Семинарға жүк тасымалына қарасты аймақтағы барлық станция мен мекемелерден белсенді теміржолшылар, жас мамандар қатысты. Алғашқы сөз кезегін алған Қызылорда бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев қатысушыларға сәттілік тілеп, саланың даму болашағының өзегіне айналып отырған сандық технологияның маңызын айрықша атап өтті.

Семинардың алғашқы бөлігі теориялық тақырыпты қамтыды. Қызылорда ЖТ – АБЖ бөлімінің бастығы Нұртуған Өтегілов кәсіби қызметте жасанды интеллектті қолдануға қатысты, жетекші

инженер Жәнібек Қалниязов ГУ-38 нысанды электронды вагон парағы тақырыптарында баяндама жасап, талқылауға ұласты.

Семинардың келесі, практикалық бөлігінде қатысушылар үш командаға бөлініп, өзара сайысқа түсті. «АСАР АСУ» командасының жетекшісі – Сексеуіл станциясы бастығының орынбасары Мұқан Бұхарбаев, «Темір Тұлпар» командасының жетекшісі – ТЧЭ-36 Сексеуіл депосы бастығының орынбасары Бауыржан Тұрмантаев, «АСУ PRO» командасының жетекшісі – Қызылорда станциясы бастығының орынбасары Әмірбек Матжанов. Командалар интерактивті тапсырмалар мен ойын элементтері бойынша білімдерін ортаға салды. «Вагон сұрақтар» ойынында командалар түрлі тақырыптық сұрақтарға жауап берді. «Терминология» ойыны арқылы темір жолға қатысты сөздерді қазақ әріптерімен құрастырды. «Сандық пазл» ойынында хабарлама құрылымын құрастырды. «Жалғанды тап» ойыны – үш ұсынылған фактін жалғанын анықтауды талап етті. «Ұпай шайқасы» ойынында командалар кезекпен бір-біріне сұрақ қойды. Дұрыс жауап болмаса, ұпай қарсыласқа өтті. «Анаграмма» ойынында командалар темір жолға қатысты сөздерден



анаграмма жасады. «Картиналық квестте» қатысушылар шифрланған сөзді шешсе, «Мені түсін» сайысында команда мүшесінің ыммен жасаған әрекеті арқылы теміржол терминдеріне түсінік беріп шешу қажет болды.

Ойын барысында проблемалық сұрақтар да көтеріліп, қатысушылар салаға қатысты ұсыныстарымен де бөлісіп отырды.

Нәтижесінде «АСАР АСУ» командасы 1-орынды, 2-орынды «Темір Тұлпар», 3-орынды «АСУ PRO» командасы иеленіп, оларға сертификаттар мен сыйлықтар табысталды.

– Семинар өте жоғары деңгейде өтті деп айта аламын. Осындай тиімді іс-шараны ұйымдастырып-өткізуге мұрындық болған Савушкина Ирина Юрьевнаға алғыс айтамыз. Оның бастамасымен мұндай семинарлар жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Сонымен қатар біздің әріптестердің де еңбегі осал болған жоқ. АБЖ бөлімінің жетекші инженерлері Гүлнар Сыздықова мен Сейдулла Назира, АБЖ диспетчерлері Балнұр Нұрмуратова мен Гүлфайруз Өмірзақова ерекше атсалысы, – дейді бөлімше директорының АБЖ бойынша орынбасары Абсұлтан Ерманов.

Суретті түсірген автор

ӨРТ СӨНДІРУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жаз маусымы – өрттің де күшейетін кезі. Сондықтан темір жолдағы өрт қауіпсіздігі қызметкерлерінің дайындығы артқан. Көкшетау қаласында Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет (МӨҚК) қызметкерлеріне арналған «Объектілерді өрттен қорғау және өрт қауіптілігін талдаудың заманауи әдістері» тақырыбында семинар өтіп, тілсіз жаумен күрестің сан қырлы тәсілдері талданды.

Ислам ТАЛҒАТ,
Көкшетау

Семинарда МӨҚК тобының жетекшісі Бақытжан Ділімбетов теміржол көлігі объектілерін жобалаудың өрт-техникалық сараптамасына тоқталса, Ақмола облысы бойынша ПҚҚБ ұйымдастыру департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Руслан Базарбаев «Төтенше жағдайлар кезінде Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті мен Ақмола облысы МӨҚК өзара іс-қимыл алгоритмі» тақырыбында баяндама жасады.

Семинар барысында «Объектілерді өртке қарсы қорғау жүйелерімен қамтамасыз етудің нормативтік базасы», «Ақмола жол бөлімшесінде төтенше жағдайларды жою үшін өрт сөндіру пойыздарының жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз ету», «Қауіпті жүктерді кезіндегі көлігімен тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шаралары», «Семей қаласындағы НОД-ГП шекарасындағы объектілердің өрт қауіпін бағалау критерийлері», «Мемлекеттік емес өртке қарсы



қызмет мамандарын даярлау» тақырыптары жан-жақты ашылып, талқыланды. Бұл қатысушыларға тың мол мағлұматтармен танысып, білім көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

– Сонымен қатар семинар барысында жанармай қоймасындағы резервуардан шыққан өртті сөндіру тақырыбы бойынша өрт-тактикалық жаттығуы өтті. Оқу-жаттығу келісілген іс-қимылдарды әзірлеуге, жедел басқару шешімдерін қабылдауға, зардап шеккендерді эвакуациялау, күштер мен құралдарды есептеу, РВС-3000м³ резервуарындағы шартты өртті жоюға бағытталды. Төтенше жағдай-

лар департаменті, Өрт сөндіру қызметі және басқа да салалық қызметтердің өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеудің тактикалық жоспарына сәйкес мақсаттар мен міндеттер пысықталды. Сонымен қатар семинарға қатысушыларға Көкшетау жоғары көпсалалы азаматтық қорғаныс колледжінің материалдық-техникалық базасы таныстырылды. Колледж оқытушылары заманауи апаттық-құтқару гидронеуматикалық жабдықтарын, тыныс алу аппараттарын, өрт автоматикасы қондырғыларының стендтерін, қызысшыларды тыныс алуға қолайсыз ортада жұмыс істеу барысында психологиялық және

физикалық тұрғыдан дайын болу үшін жылу және түтін камералары кешенін көрсетті, – деп ақпарат берді Бақытжан Ділімбетов.

Семинар соңында қатысушылар «Жанармай қоймасының өрт-техникалық тексеруі (ӨТТ)» тақырыбындағы іскерлік ойынына қатысып, бір сергіп қалды. Бұл ойын барысында қатысушылар 3 топқа бөлініп, өзара білім-тәжірибелерін сыңға салды. Қатысушылар іскерлік ойынның ережелерімен танысып, оларға тапсырмалар беріліп, өрт қауіпсіздігі стандарттарының талаптары оқытылды, объектілерге өрт-техникалық тексеру жүргізілді. Сараптамалық комиссия топтардың жұмысын бағалап, ашық дауыс беру қорытындысы бойынша үздіктер анықталды. Семинар ТЖҚ қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласында уәкілетті орган мен теміржол көлігі ұйымдарының өзара іс-қимылын арттыруға оң ықпал еткені анық. Қатысушылар семинардың жоғары деңгейде ұйымдастырылып және өткізілігін жеткізді.

Суретті түсірген автор

ТАЛАП ПЕН ТАЛҒАМҒА САЙ



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бірінші кезектегі басты міндет – жалпы ұзындығы 728 шақырым бас жолды құрайтын желі бойына тазалық жүргізіп, талапқа сай ету.

Семейлік теміржолшылар бұл іргелі шараға кешенді түрде кіріскен болатын. Әуелгі кезекте барлық мекемелерде жиындар өтіп, жұмыс барысы жоспарланды. Сондай-ақ арнайы инструктаждар жүргізілді. Кадр бөлімі басшылығы әкімшілік-шаруашылық бөлімімен бірлесіп сенбілік өткізлетін аумақтарды белгілеп шықты. Осылайша жергілікті

Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жалпыұлттық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы жұмыстар кідіріссіз жүргізіліп жатыр. Биылғы сәуір айындағы №133 бұйрық бойынша қолға алынған іс-шаралар тікелей бөлімше басшылығының назарында тұр.

Станция басы автокөлік жолдарынан біршама алыс жатуы себепті жиылған қоқыс арнайы платформаға тиелініп, кейіннен жүк машиналарына қайта тиелді. Желі бойында мұндай ауқымды шара бұрын-соңды болмаған еді. Сенбілік жұмыстарына 1 платформа, 4 жүк көлігі тартылды. Ал аумақты тазалауға станциядағы барлық теміржолшылар 100 пайыз қатысты.

Айта кетерлігі, семейлік қозғалысшылар тазалық акциясының ауқымын кеңейтіп, оны қайта жаңарту мен жаңғыртудың басты алғышарты етіп алып отыр. – Биылғы сенбіліктердің жөні бөлек. Келесі айда Семей елінде ұлы Абайдың 180 жылдық дүбірлі тойы өткізілмек. Яғни ел түкпірі мен шет елдерден ағылатын қонақтар саны да көп болары анық. Демек тазалық шараларының да маңызы жоғары деген сөз. «Таза Қазақстан» акциясы аясында станция басы талапқа сай етілді. Абаттандыру, көгалдандыру да ойдағыдай жүзеге асырылуда. Мәселен, соңғы рет 2010 жылғы алапат өрттен кейін қайта жаңғыртылған станция ғимараты, сырт келбеті алғаш рет күрделі жөндеуден өтіп, мүлде жаңаша кейіпке

енуде, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей станциясының бас инженері Бекзат Кәрімханов.

Мұндай жұмыстар жолаушылар нөпірі мол, мәслихат депутаты Азамат Нұрғалиев басқаратын Жаңғызтөбе станциясында да жүргізілуде.

Жалпы, апта сайын өткізілетін сенбіліктерге желі бойындағы барлық станциялардағы теміржолшылар қауымы атсалысып, 20 мыңнан астам қатты тұрмыстық қалдықтар арнайы белгіленген қоқыс полигонына шығарылды.

Алда да атқарылуы тиіс жұмыстар бар. Мәселен теміржол бойының жекелеген аумақтарына, жеке сектор маңына «Қоқыс тастауға болмайды» деген ескертпе белгішелер қойылып, жаяу жүргіншілер өтетін жол өтпелеріне арнайы бейнекамералар орнату да межеленіп отыр.

Жергілікті теміржолшылар осынау тазалық акциясын жыл бойы жүргізуге ниетті. Жоғарыда аталған жұмыстар нәтижесінде тек желі бойында ғана емес, жалпы Абай елінде экологиялық мәдениет, эстетикалық талап пен талғам жоғарылап келе жатқанын айта кету керек.

Суретті түсірген автор

Перевозки ЭКСПОРТ НА ПОДЪЕМЕ

АО «НК «КТЖ» фиксирует устойчивый рост экспортных перевозок в первом полугодии 2025 года.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

В январе – июне 2025 года АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжило демонстрировать положительную динамику в сфере грузоперевозок. По оперативным данным, за первое полугодие перевезено 150,1 миллиона тонн грузов, что на 4% больше, чем за аналогичный период 2024 года.

Особое внимание в этот период привлекает динамика экспортных перевозок, которые показали устойчивый рост – на 9%. Это свидетельствует о высокой конкурентоспособности казахстанского экспорта и надежности железнодорожной инфраструктуры КТЖ.

Анализ структуры грузопотока показывает, что наибольший рост экспортных объемов продемонстрировали зерно – рост на 65%, строительные грузы – на 37%, растительное масло – на 27%, удобрения – на 16%, уголь – на 14%, нефть – на 9% и комбикорма – увеличение в 4,7 раза. Такой прирост стал возможным благодаря эффективному взаимодействию с грузоотправителями, комплексной организации перевозочного процесса и системной работе по оптимизации логистических маршрутов.

Существенный вклад в рост экспортных перевозок внесли ключевые партнеры –

крупные казахстанские производственные компании. Среди них группа компаний ERG (+8%), ТОО «Богатырь Комир» (+19%), АО «Qatmet» (+12%), ТОО «Қазфосфат» (+31%), ТОО «Қазцинк» (+23%), ТОО «Сарыарка ENERGY» (+83%), АО «Шубарколь Премиум» – рост в три раза, и АО «Қаражыра» (+38%).

Такое сотрудничество демонстрирует высокий уровень доверия к КТЖ как к стратегическому логистическому партнеру, способному обеспечивать стабильность и своевременность поставок.

Одним из ярких примеров успешной организации экспортных перевозок стал результат АО «Шубарколь Комир», которое в июне установило новый рекорд по погрузке угля на экспорт – 841 тысяча тонн. Этот

показатель на 26% выше среднемесячного объема 2025 года.

Такой результат стал возможен благодаря слаженной работе железнодорожников, сотрудников предприятия и всех участников логистической цепочки.

АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжает реализацию стратегических инициатив, направленных на развитие экспортной логистики, цифровизацию перевозочного процесса и повышение клиентоориентированности. Особое внимание уделяется развитию сервисных коридоров, ускоренной обработке грузов на пограничных переходах и оптимизации маршрутов и сокращению времени доставки.

Положительная динамика первого полугодия подтверждает устойчивость и гибкость национальной железнодорожной системы, ее готовность эффективно реагировать на вызовы и обеспечивать стабильные экспортные потоки, способствуя развитию экономики страны.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ



В рамках Дня безопасности на станции Сары-Озек заместитель начальника Алматинского эксплуатационного вагонного депо Саят Ильясов провел проверку технической и эксплуатационной документации, а также беседы с осмотрщиками-ремонтниками вагонов контрольного пункта технического осмотра (КПТО).

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Сары-Озек

Особое внимание было уделено вопросам охраны труда, соблюдения правил безопасности и технического обслуживания подвижного состава. Вместе с осмотрщиками-ремонтниками проверено состояние автосцепного устройства тормозной системы, букс и колесных пар, герметичность кузова, целостность дверей, люков и запорных механизмов. Вагонный мастер Айдар Селеубаев со старшим осмотрщиком КПТО Рауаном Сакимбековым убедились в правильности установки деталей крепления, исправности подпятников и рессор, наличии всех необходимых пломб и маркировок, словом, проверили состояние вагонов на соответствие установленным нормам технической эксплуатации.

– Каждая деталь, каждый болт и пара колес проходит через внимательный контроль. Осмотр проводится не только визуально, но и с применением измерительных



инструментов и оборудования, где это необходимо, – говорит Саят Ильясов.

Стоит отметить, что специалисты такой квалификации действуют строго в соответствии с регламентом, а при выявлении даже малейших отклонений оперативно принимают меры – от мелкого ремонта до вывода вагона из эксплуатации. Вот именно благодаря такому подходу и обеспечивается надежность и безопасность железнодорожных перевозок.

В ходе проверки внимание было уделе-

но и знанию работниками действующих правил, инструкций и нормативных требований. Также были организованы практические занятия по выявлению и устранению технических неисправностей, что позволило закрепить теоретические знания на практике и повысить уровень подготовки персонала.

По итогам визита в рамках Дня безопасности заместитель начальника Алматинского эксплуатационного вагонного депо Саят Ильясов оценил состояние и организацию работы контрольного пункта технического осмотра на станции Сары-Озек.


Он отметил не только высокий уровень профессиональной подготовки персонала, но и хорошее эстетическое оформление КПТО, благоустроенную территорию, а также наличие оборудованного технического кабинета, позволяющего проводить как инструктажи, так и обучающие мероприятия.

Безусловно, подобная системная работа дает реальный результат и напрямую влияет на стабильность и безопасность перевозок.

Фото автора



ВОПЛОЩЕНИЕ НАДЕЖНОСТИ



Милена КАИРОВА,
Алтынкөл

Высокие стандарты работы здесь сочетаются с ответственным подходом к вопросам безопасности, технической дисциплины и профессионализма. Коллектив станции уверенно смотрит в будущее: внедряются новые технологии, развивается инфраструктура, улучшается качество обслуживания.

Результаты работы впечатляют. С начала года вагонооборот составил 316 722 вагона (в среднем 2 097 вагонов в сутки) при плане 190 567 вагонов (1 262 в сутки), что составляет 166% от запланированного. Отправление вагонов выполнено также на 166%: при плане 95 306 вагонов (631 в сутки) фактически отправлено 158 530 вагонов (1 050 в сутки).

Из них 100 463 направлены в сторону станции Жетыген (Казахстан) и 44 008 – на станцию Хоргос (КНР). Выгрузка выполнена на 167%: при плане три вагона в сутки фактически разгружается по пять. Объем погрузки составил 88 377 вагонов (в среднем 585,3 в сутки), что соответствует 91% выполнения плана. Кроме того, через станцию Алтынкөл с начала года прошло 1 444 контейнерных поезда.

Все службы на станции работают слаженно, параллельно выполняя операции по приему, обработке и оформлению поездов. В процессе перегруза и формирования составов одновременно проводится и таможенное оформление документов. Современная инфраструктура станции, включая контейнерные терминалы и автоматизированные системы обработки грузов, позволяет быстро и эффективно об-

рабатывать потоки. Здесь осуществляется перегрузка грузов с китайских вагонов на казахстанские и обратно – как контейнерных, так и обычных, с самыми разнообразными грузами: от товаров народного потребления до промышленного оборудования.

На терминалах используются многофункциональные козловые краны большой грузоподъемности, современные автопогрузчики, штабелеры и системы слежения за движением контейнеров. Также на территории размещены склады временного хранения и площадки для накопления грузов, что обеспечивает гибкость и надежность логистических цепочек. Вся работа проходит под контролем служб безопасности и в строгом соответствии с требованиями таможенного и санитарного контроля. Это позволяет сократить время обработки поездов и значительно повысить пропускную способность станции, делая Алтынкөл привлекательным и надежным логистическим партнером.

– Перед коллективом стоят серьезные задачи – обеспечение высокой производительности труда, оперативное реагирование на изменения логистической обстановки, адаптация к новым требованиям, эффективное взаимодействие с китайской стороной и другими участниками международных перевозок. Важное направление – дальнейшее развитие инфраструктуры и повышение уровня технической оснащенности, – отмечает директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Станция Алтынкөл» Данияр Нуркасымов.


По его словам, коллектив станции – это настоящая команда профессионалов. Каждый сотрудник, будь то диспетчер, техник, инженер или оператор, вносит весомый вклад в бесперебойную работу станции, способствуя развитию транспортного потенциала страны.

Станция Алтынкөл сегодня – это надежный мост между прошлым и будущим, позволяющий, несмотря на все трудности, укреплять позиции Казахстана в мировой транспортной системе.

Фото автора

ОСВОИЛИ НОВЕЙШУЮ ТЕХНИКУ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



Специалисты ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» прошли обучение по эксплуатации тепловозов новой серии ТЭ36А на заводе CRRC в Китае.



В рамках реализации крупного международного контракта между ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и китайской компанией CRRC Dalian Co., Ltd. 12 казахстанских специалистов прошли обучение в КНР по эксплуатации и техническому обслуживанию магистральных тепловозов нового поколения ТЭ36А.

Курс проходил на базе завода-изготовителя в городе Далинь и включал в себя как теоретическую подготовку, так и практические занятия на производственной площадке. В составе учебной группы – машинисты-инструкторы и инженерно-технические работники из локомотивных депо Семей, Аягоз, Оскемен, Актогай, Балхаш, Матай и Алматы. Все участники успешно завершили обучение и получили международные сертификаты, подтверждающие их квалификацию и дающие право обучать других сотрудников внутри компании.

– Обучение в Китае стало важным этапом в освоении новой техники. Мы не только познакомились с конструктивными особенностями тепловозов ТЭ36А, но и изучили передовые подходы к их техническому обслуживанию, – отметил один из участников поездки.

По возвращении в Казахстан специалисты уже приступили к проведению технических занятий в своих депо, обеспечивая подготовку локомотивных бригад к работе с новым типом подвижного состава. Это позволит к моменту ввода тепловозов в эксплуатацию иметь полностью подготовленный персонал.

Поставка 100 сертифицированных тепловозов ТЭ36А, предусмотренная контрактом, рассчитана на поэтапное обновление парка и значительное повышение эффективности грузовых железнодорожных перевозок в Казахстане. Современные машины отличаются повышенной энергоэффективностью, улучшенные показатели надежности и адаптация к климатическим условиям региона.

ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» системно инвестирует в обучение персонала, делая ставку на внедрение передовых международных практик и укрепление стратегических партнерств с ведущими мировыми производителями железнодорожной техники. Такое взаимодействие не только способствует техническому развитию компании, но и создает условия для повышения конкурентоспособности всего казахстанского железнодорожного сектора.

Фото автора

ГОРЯЧИЙ СЕЗОН

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



Пожарный поезд станции Павлодар находится в постоянной боевой готовности, особенно в летний период. С начала года по ПП-12 прошли два масштабных учения.



Такие мероприятия проходят согласно плану проведения пожарно-тактических учений. С начала года организовано два учения. Первое – по тушению объектов по хранению и переработке ГСМ. Его цель – совершенствование слаженности действий экстренных служб и подразделений КТЖ по ликвидации ЧС при разливе легковоспламеняющихся и горючих жидкостей на объектах хранения. Второе мероприятие посвящено тушению основного пожара в полосу отвода на станции Маралды.

– На вооружении нашего подразделения имеется пожарный поезд. Он состоит из вагонно-насосной станции, где расположены две стационарные мотопомпы МП-27, предназначенные для подачи огнетушащего вещества через рукавную линию к месту пожара, пожарно-тактическое вооружение и так далее, – говорит начальник пожарного поезда станции Павлодар Даурен Смагулов. – Кроме того, в составе пожарного поезда есть две вагон-цистерны с водой объемом по 50 тонн, это огромный запас, который может заменить несколько пожарных подразделений, особенно, если место пожара отдалено и запасы влаги ограничены.

Помимо этого, функционирует пожарный автомобиль АЦ-2,5-40 на базе ЗиЛ-130 (433262), который оснащен согласно требованиям. И самое главное – это личный состав пожарного поезда: 18 бойцов с большим опытом работы за плечами, проинформировал Даурен Смагулов.

Фото автора

АСТАНАДА ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР

Ару Астана қаншама жастың үкілі үмітін үрлеп жағып, арман-тілегін орындады. Түбекте туып-өсіп, бүгінде ерке Есілдің жағасындағы ертегідей қаланың тұрғыны атанған Қайраттай талай жастың шаңырағын көтеріп, уығын қадасты...

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде еңбек етіп жүрген Қайрат Абдашов компания шеңберінде өндірістік қауіпсіздік бағдарламасы бойынша мобильдік қосымша пайда болып, кез келген адам көрген қателіктер мен бұзушылықтарды тіркеу мүмкіндігі пайда болғанда алғашқылар қатарында бағдарламаға 71 кемшілікті енгізген еді. Осы еңбегінің нәтижесінде «Жыл үздігі» атанып, шетелге саяхаттау мүмкіндігін жеңіп алған болатын. Темір жолда қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына осылай өз үлесін қосқан қырағы теміржолшы көп ұзамай Астанаға жұмысқа шақырту алып, елордалық атанды.

Түбекте жүргенде де өз міндетімен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысатын ол маңғыстаулық теміржолшылардан құралған «Маңғыстау.кз» жайдарманышлар тобының белді мүшесі, спорттық, басқа да сайыстардың үздік қатысушысы болды. Астанаға барып та түрлі іс-шараның ортасынан табыла білген жігіт сондай кездесулердің бірінде жан жарын жолықтырды.

– 2022 жылы Магистральдық желі дирекциясының шақыртуымен Еңбек қауіпсіздігі және экология департаментіне менеджер болып ауыстым. Тамыз айында мен Ақтау қаласынан, ал Әйгерім болса Семей қаласынан Астанаға ауысып, сол жылы Әлеуметтік басқару департаменті жариялаған «100 жас есім» жобасында кездестік. Тағдырдың тосыншайы осы болар, жоба аясында таныстығымыз көп ұзамай махаббатқа ұласып, өткен жылдың жазында отбасын құрдық. Маңғыстаулық



және семейлік теміржолшылар әулетін құда атандырдық, – дейді Қайрат Абдашов. Қайрат пен Әйгерім ақылдаса келе бақытты күндерінің естен кетпес датасын осы саламен байланыстыруды жоспарлап, өткен жылы теміржолшылар күнінде шаңырақ көтеріп, той өткізген. Жақында Сұлтан есімді ұлдары дүниеге келді. Қос теміржолшының шаңырағында Астана күні қарсаңында іңгәлаған сәби үні естіліп, елорда халқы бір қазаққа көбейді.

Бала Сұлтанның өз жұрты да, нағашы жұрты да теміржолшылар. Қайрат түбекке белгілі Абдашовтар династиясынан болса, Әйгерім Шымырбаева да семейлік сала қызметкерлері отбасынан екен. «100 жас есім» жобасынан бөлек ол – «Жас темір» жас мамандарды даярлау жобасының жеңімпазы. «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ филиалы – Интеграция және жоспарлау дирекциясында жүк тасымалы маркетингі департаментінің менеджері бүгінде бала күтіміне байланысты демалыста.

Ал астаналық жас отбасының отағасы Қайрат Абдашов – «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау инспекциясының менеджері. Компания шеңберінде өтетін түрлі жобаның қатысушысы.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор



ГОД РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ

ЧЕЛОВЕК ТРУДА ВСЕГДА ОСТАЕТСЯ ЧЕЛОВЕКОМ

Благодаря глубоким профессиональным навыкам и знанию казахского языка обычный человек труда из глубинки Улбасын Саулебаева стала лицом Костанайского отделения грузоперевозок.

Дежурная по железнодорожной станции Баталы (станция 3-го класса) неоднократно была отмечена высшими наградами руководства компании, при этом Улбасын Сайлаубаевна остается скромным, но очень грамотным тружеником на своей родной станции.

Она родилась 16 января 1964 года в семье потомственных железнодорожников. Ее отец, Сайлаубай Сактаганов, пошел работать на железную дорогу на своей родной станции Баталы Костанайской области в грозном 1941 году, когда ему было всего 14 лет. Мужчины ушли на фронт, рабочих рук не хватало, и на рабочее место взрослых вставали подростки и дети. В дальнейшем за трудолюбие и добросовестность его назначили бригадиром пути. Трудовой стаж Сайлаубая Сактаганова на железной дороге в итоге составил 40 лет, начав отсчет фактически от самого момента основания станции Баталы.

По стопам отца пошла и все три его дочери. Старшая, Айжамал Турганова, 38 лет проработала монтером пути здесь же, на станции Баталы. Младшая, Жұмаш Идрикова, также отдала железной дороге 38 лет, трудясь дежурной по станции здесь же. И, наконец, наша героиня, средняя дочь Улбасы Саулебаева, тоже проработала на железной дороге почти сорок лет.

Своим характером, трудолюбием, и усердием Улбасын пошла в отца, что сразу же проявилось в ее работе.



Свой путь после окончания вуза в 1988 году она начала на ставшей для семьи родной станции Баталы. Быстро познавшая все азы работы на железной дороге, Улбасын довольно скоро стала дежурной по станции. В этой должности она протрудилась до 1995 года, когда за профессионализм и доскональное знание своего дела была назначена исполняющей обязанности начальника станции Баталы вплоть до 2013 года. После чего вновь стала дежурной по станции и трудилась в этой должности до выхода на пенсию в январе 2025 года.

Баталы – станция третьего класса, но ее значение в железнодорожной сети трудно переоценить. Ежедневно здесь отгружается и разгружается около 110 вагонов, в основном с цветной рудой, золотом, шебнем и флюсом от АО «Варваринское». Через станцию также проходит порядка 40 составов без остановки.

Организовать бесперебойную работу на такой загруженной станции с небольшим штатом – непростая задача даже для опытного работника. Улбасын Саулебаева отлично справлялась с ней почти 20 лет, будучи начальником станции.

– В работе дежурного по станции трудно выделить что-то одно, – делится

Улбасын. – Нужно знать профессию досконально, разбираться в специфике своей станции, понимать коллектив. Но главное – уметь быстро принимать точные решения в сложных, а иногда и экстремальных ситуациях. Не паниковать, не теряться и быть готовой нести ответственность.

Почти 40 лет Улбасын Саулебаева посвятила железной дороге. За это время было немало запоминающихся моментов, но особенно выделяется случай в феврале 2022 года – тогда она предотвратила возможные крушения сразу двух поездов.

За самоотверженность и высокий профессионализм ее наградили в Астане знаком «Адал еңбегі үшін», а позже – юбилейной медалью к 25-летию АО «НК «ҚТЖ». Ранее, в 2013 году, она уже получала знак «Кәсібі бойынша үздік».

Улбасын Саулебаева не только отличный специалист, но и наставник – за годы работы она обучила пятерых молодых коллег. В коллективе ее уважают за опыт, доброжелательность и ответственность.

С мужем Бакытбеком, тоже железнодорожником, они вырастили четверых детей. Один из сыновей, Серик, продолжил семейную традицию – работает осмотрщиком вагонов на родной станции Баталы.

Помимо напряженной работы на железной дороге, у Улбасын Саулебаевой есть и личные увлечения. Она обожает печь пироги и торты, которыми с удовольствием угощает коллег и родных. А еще – с любовью занимается воспитанием семерых внуков. Именно им она планирует посвятить все свое время после выхода на пенсию.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай

Фото автора

БОРЬБА ЗА ПУТЕВКУ В ФИНАЛ



В честь 120-летия профсоюзного движения Казахстана Акмолинский филиал ОО «Казпрофтранс» провел в Кокшетау отборочный турнир по бильярду на Кубок председателя профсоюза среди работников предприятий региона.



В турнире приняли участие 18 работников НОД ГП-1, НЖС-1, ПЧ-15, ШЧ-12, ЭЧ-7, ТОО «Теміржолсу – Кокшетау», ОПЛП Кокшетау. Он стал важным этапом в подготовке к финалу и определил тех, кто продолжит борьбу за главный приз.

– Основная цель подобных турниров – это, конечно, пропаганда здорового образа жизни, спорта. Ведь в течение игры бильярдист вокруг стола «накручивает» до нескольких километров. Во-вторых, эта игра – интеллектуальная, заставляющая думать. И, в-третьих, это командный дух, общение, позитивные эмоции, – отмечает председатель Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Хазис Закирин. – Четвертый год мы будем принимать участие в этом турнире. В 2022 году наши ребята в финале заняли первое командное место и привезли переходящий кубок. Надеюсь, в этом году они снова победят.

По словам самих игроков, участие в подобных мероприятиях дает хороший опыт, обогащает кругозор, помогает в общении и развитии.

– Игра прошла в напряженной борьбе. Участники показали

мастерство и завидную волю к победе, – поделился своими впечатлениями о турнире инструктор-организатор по спорту Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Азамат Бекеев. Игры проходили согласно положению о турнире, и участники, занявшие первое и второе места в отборочном турнире, будут представлять Акмолинский филиал в финале турнира в Алматы 22-23 июля.

В результате проведенных игр первое место занял дежурный по станции Жаман-Ащи НОД ГП-1 Ерлан Касымов. Он уже четвертый год занимает первое место в данном турнире. Почетное второе – заместитель начальника государственных закупок НЖС-1 Данияр Тайев, третье – машинист-инструктор ТЧЭ-11 НОД ГП-1 Самат Агибаев. Грамотой в номинации «За волю к победе» награжден ведущий инженер-программист ОПЛП Кокшетау Бауыржан Оспанов. Ерлан Касымов получил переходящий кубок. Все участники отмечены грамотами.

Асель ШАЙХЫНОВА, Кокшетау Фото автора

АЭРОХАБ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Апта басында Ақтауға Парламент Сенатының депутаттары келіп, өңірде жүзеге асырылып жатқан маңызды инфрақұрылымдық жобалармен танысты.

Бүгінгі таңда қарқынды дамып отырған өңірде жүзеге асырылып жатқан жобалар мен маңызды нысандар аз емес. Сенат депутаттары Сүйіндік Алдашов пен Бекбол Орынбасаров облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаевпен осы нысандарды аралап көріп, аймақтың даму үдерісіне баға берді.



Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан мәлімет бойынша сапар барысында деле-

гация Арнайы экономикалық аймақ – «Ақтау теңіз порты» аумағында орналасқан кон-

Руханият

Железнодорожники Павлодарского отделения магистральной сети приняли участие в челлендже «Абайдың қара сөздері – даналық көздері», посвященном празднованию 180-летия со дня рождения Абая Кунанбаева.



ПОСВЯЩАЕТСЯ ПОЭТУ...

Цель мероприятия – популяризация литературного наследия великого Абая, расширение сферы применения государственного языка и повышение его статуса. Работники стальной магистралы посетили книжную выставку, которая развернулась в областной библиотеке имени С. Торайгырова. Кроме того, железнодорожники Екибастузской, Ерейментауской, Павлодарской дистанций пути, дистанций электроснабжения, а также дистанций сигнализации и связи прочитали слова назидания казахского

поэта, философа и мыслителя. Все они награждены благодарственными письмами от руководства филиала и профсоюзного комитета. Напомним, в этом году страна отмечает 180-летие со дня рождения выдающегося казахского поэта, мыслителя и просветителя Абая Кунанбаева. В честь этой знаменательной даты по всей республике запланированы различные культурные и образовательные мероприятия, посвященные его жизни и творчеству.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар Фото автора

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Семей теміржолында Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай танымдық және тағылымдық мәні зор іс-шаралар көптеп өткізілуде. Абай мұражайына экскурсия, ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқудан челлендж жыл басынан бері жалғасын тауып келеді.

Ал ТЧЭ-24 – Семей локомотив пайдалану депосының теміржолшылары ақын мерейтойына даярлық аясында тағы бір тамаша іс-шараны қолға алды. Мекеме басшылары немесе кадр бөлімі басшылығы кез келген жұмыс кабинетіне кіріп Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты тосыннан сауал қояды. Тез әрі нақты жауап берген теміржолшы жеңімпаз атанады.

Бұл ретте тепловоз машинисі Елзат Тлекин барлық сауалдарға дұрыс жауап беріп, эрудициялық білімімен баршаны таңғалдырды. Айта кету керек, машинисті көрген адам тура 50-55 жастар шамасындағы хакім Абайды көргендей әсерде болады. Сырт келбеті ұлы ақынды еске түсіретін машинист шын мәнінде Абайдың аталас туысы болып келеді екен. Туған нағашы атасы Бекзат Үсенбайұлы Жидебай жеріндегі Абай мұражайында ұзақ жылдар қызмет етіпті. Ал өз атасы, заманында Абаймен үзеңгілес жүрген



туысы Тілеке Орынбайұлы кезінде заңғар жазушы Мұхтар Әуезовке «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуда көп көмектесіп, хакім өмірі жайлы деректермен бөліскен жан.

Басынан «Абай тақия» аталатын ұлттық бас киімді тастамайтын машинист жуырда әріптестерімен Семейдегі ақын мұражайына барып, локомотившілерге үлкен әулет шежіресін таныстырды. «Абай – тек семейліктердің ғана емес, барша қазақтың мақтанышы» дейді ол.

Абай ЕРПТС, Семей Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы **11 415**
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабәев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, тіркеш нөмірі
30 шілдесінде № 601 тіркелу куәлігі берілді.